

## АШАРШЫЛЫҚ

# Сұлтанхан Аққұлы: Тарих совет дәуіріндегідей Мәскеудің қыспағымен жазылып жатыр

Нұрбек ТҮСІПХАН

2 маусым 2026 жыл, 09:01



Алматы, 31 мамыр, 2023 жыл.

Қазақстанда Саяси қуғын-сүргін және Ашаршылық құрбандарын еске алу күні қалай өтті? Бұл күн жалпыхалықтық аза тұту күніне айнала алды ма? Сталиндік зұлматқа биліктің көзқарасы қандай? Тарих қалай жазылып жатыр? Алаштанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлымен сұхбат.

**Азаттық:** Қазақстанда өткен ғасырдағы екі зұлмат – саяси-қуғын сүргін мен Ашаршылық құрбандарын еске алу күні неге 31 мамырға белгіленген? 31 мамырдың аталған екі оқиғаға тарихи тұрғыда нақты қандай да бір қатысы бар ма?



Алаштанушы Сұлтанхан Аққұлы

**Сұлтанхан Аққұлы:** 31 мамырды кім қай уақытта тағайындағанын кесіп айта алмаймын. Оның тарихын білмеймін. Бірақ өз басым алаштанушы ғалым ретінде 1928-1933 жылдардағы қазақ халқының 70 пайыздайын қырып жіберген қолдан ұйымдастырылған аштық пен 1920 жылдары басталып, 1930 жылдары қатты үдеген жаппай қуғын-сүргін құрбандарын еске алуды бір күнге тағайындағанына түбегейлі қарсы болдым. Біз бұл екі ұлы нәубетті екі күнге бөліп, бөлек еске алып, зиярат етуіміз керек.

**Азаттық:** Өзіңізде қуғын-сүргінді мына күнге, Ашаршылықты мына күнге қояйық дейтін даталар бар ма?

**Сұлтанхан Аққұлы:** Қолдан ұйымдастырылған ұлы нәубет Ашаршылық құрбандарын еске алу күнін сол 31 мамырда қалдырсақ, ал жаппай қуғын-сүргін құрбандарын еске алуды 27 қыркүйекке көшірсек деген көзқарасты берік ұстанып келемін. Өйткені 1937 жылы 27 қыркүйекте егемен, тәуелсіз Алаш Республикасының басшысы Әлихан Бөкейхан мен советтік Қазақстанның Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақұлы Мәскеуде, Бутырка түрмесінде атышулы үштік соттың қаулысымен бір уақытта өлім жазасына кесілді. Ату жазасы бір күнде жүзеге асырылып, Мәскеудің Дон зиратындағы крематорийде өртеліп, күлі сондағы бауырластар зиратында зұлымдық империясы СССР-дің жазалаушы мекемесі – НКВД-нің құжаттарында "№1 шұңқыр" деп аталған бір шұңқырға төгілген.

1935 жылдан 1937 жылға дейін 5 мың адам ату жазасына кесіліп, сол 5 мың адамның сүйек күлі алақандай жердегі шұңқырға тасталған. Сол жерде орнатылған тақтайшаларға қарасаңыз, Совет одағы ұлттық республикалары мен автономиялық республикаларының және Қызыл армияның ең жоғарғы қолбасшылығы өкілдерінің сүйек күлі сол шұңқырда жатыр.

**Азаттық:** 31 мамыр Қазақстанда жалпы халықтық деңгейде аза тұтатын күн боп қалыптаса алды ма?

**Сұлтанхан Аққұлы:** Ең соңғы мысал. Кеше, 31 мамырдағы Астананы алып қарайық. Астана түбінде әйгілі "АЛЖИР" лагері бар. Абай мен Республика даңғылдарының қиылысында Ашаршылық құрбандарына ескерткіш орнатылған. 31 мамыр күні сол екі ескерткішке гүл қойып, тағзым еткен тек бір ғана саяси партия болды. Ол – "Ақ жол" партиясының депутаттары мен мүшелері. Биліктен ешкім ешқандай гүл қойған жоқ. Бұл – қазақ халқының тарихындағы ең ауыр қасірет, тіпті осыдан 300 жылдай бұрын болған жоңғар шапқыншылығынан да үлкен қауіп төнген зұлмат. Осы дәуірді біздің билік осылайша атүсті атап өтеді. Оның астарында қандай жұмбақ жатыр, оған таңқалмаймын, оны жақсы білемін, оны жұрттың бәрі біледі. Бұл – солтүстік көршіміздің қысымының салдары. Өйткені соның алдында ғана, 27-29 мамырда біздің елге ресми сапармен Ресей президенті Владимир Путин келіп кетті.



#### ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Қазақстандағы ашаршылыққа Германия ғалымының көзқарасы. Роберт Киндлермен сұхбат

**Азаттық:** Өзіңіз де көрген шығарсыз, бұл қаралы күнге байланысты кеше Ақорда ресми іс-шара өткізген жоқ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың үндеуі делінген 9 сөйлем қысқа хабарламамен ғана шектелді. 9 сөйлемнің жетеуі президенттің жүргізіп отырған саясаты, 15 наурыздағы референдум сияқты қазіргі күннің мәселесі туралы болыпты. Бір қарағанда сайлауалды үгіт-насихатқа да ұқсап кетті. Неге бұлай болды деп ойлайсыз?

**Сұлтанхан Аққұлы:** Президенттің кешегі үндеуін мен де оқып көрдім. Өте қысқа және құрғақ айтылған. Байқасақ, соңғы кезде біз саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алумен қатар елімізде саяси көзқарасы үшін қудаланып, түрмеде отырған қаншама белсенді азамат бар екенін білеміз. Олар неге босатылмайды? Олардың ешбір нақты айыбы жоқ. Қазір жаңа Конституцияны насихаттаумен келеді. Бірақ жаңа Конституция Қазақстанның өмірін жаңартты ма? Қазақ қоғамында адам

құқығын, сөз бостандығын кеңейтті ма? Жоқ. Керісінше, осы Конституцияның алдында және одан кейін де елдегі сөз бостандығы, адам құқығы ашықтан ашық аяққа тапталып келеді. Сөз бостандығының, адам құқығының өрісі тарылып келеді.

**Азаттық:** Ресейде де Сталин заманындағы қуғын-сүргінді айту қазір табу тақырыпқа айналды. Тарихшылары да үндей алмай қалды. Кремль тіпті Ресейде ғана емес, бұрынғы Совет одағы елдерінде де айтқызбауға тырысады. Сондықтан "ортақ тарих" дегенді жиі айтады. Кремльдің бұл ұстанымын көріп отырған Ақорда бұл тақырыпқа әзірше тым тереңдемей, ушықтырмайық дейтіндей саясат ұстанып отырған жоқ па?

**Сұлтанхан Аққұлы:** Бір жағынан ондай саясат болуы да мүмкін. Өйткені Владимир Путиннің кейінгі сапары барысында "ортақ тарихты бұрмаламай зерттеу" жөнінде құжатқа қол қойылды. Оның астарында қандай жұмбақ жатыр? Мен оны осыдан біраз бұрын сезе бастадым.

Бір ғана қызық айтайын. Есіңізде болса 2020 жылы қазіргі президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаппай қуғын-сүргін және Ашаршылық құрбандарын және олардың ұрпақтарын толық ақтау туралы мемлекеттік комиссия құрды. 2023 жылы желтоқсанда комиссия Кремльдің қыспағымен жұмысын аяқтамай жабылып қалды. Шамамен сол кезде президент Тоқаев көне дәуірден осы күнге дейінгі тарихымызды қайта қарап, ұлттық мүдде тұрғысынан қайта жазып, жеті томдық жинақ шығарыңыздар деген тапсырма берген. Ол кітап 2022 жылы жарық көруі тиіс еді. Енді тәуелсіздіктің 35 жылдығының құрметіне биыл желтоқсан айында жарық көруі тиіс. Жақында ғана мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин кітаптың алтыншы томын баспаға әзірлеу туралы қаулы қабылдағанын айтты.

Демек ХХ ғасырдың басындағы тарихымыз, яғни Ашаршылық, жаппай қуғын-сүргін және совет өкіметінің Қазақстандағы ұлттық саясаты, тағы да сол совет дәуіріндегідей Мәскеудің қыспағымен жазылған деп айтуға болады. Путиннің "тарихты бұрмаламау керек" деген сөзінің астарында "ол тек Ресейдің мүддесі тұрғысынан немесе кешегі советтік тар көзқараспен, догмамен жазылуы керек" деген сөз тұр.

Бір мысал келтірейін. Совет одағының 1918 жылы егемен Алаш Республикасының аумағына басып кіргенін біз әлі "азаматтық соғыс" деп сипаттаймыз. Бұл Ресейдің, совет үкіметінің екінші отарлау соғысы болатын. Алашорда үкіметінің большевиктерге, Совет үкіметінің Қызыл армиясына қарсы соғысын біз әлі "азаматтық соғыс" деп сипаттаймыз. Ол "отан соғысы" болатын. Міне, біз әлі тарихымызды түзете алмай жүрміз. Ол – тағы да сол сыртқы күштердің қысымымен істеліп отырған шара.

---



## ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Тоқаев: Қазақстанда көшпелі халықтарды "мемлекет деңгейіне жете алмаған" деп төмендететін догмаларды қайта қарау басталды

**Азаттық:** Сіз айтып отырған көзқараспен тарихты қайта жазатын болса, советтік көзқарастан арлу керек деген ұстаныммен жүретін болса, Путин бастаған Ресей билігі мұны жіті бақылап отырған шақта бұл Қазақстанның қазіргі өміріне, тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына қауіп болып тимей ме?

**Сұлтанхан Аққұлы:** Батыс жан-жағынан санкциялармен қоршап тастаған Ресей қазір жаралы аю сияқты. Украинадағы соғыста таяқ жеп жатқан тұста Ресей ашуын бізден алуға тырысуы да мүмкін. Байқасаңыз, "таз ашуын тырнадан алады" дегендей, қазір Арменияға тиісіп жатыр.

Бірақ тарих – қалай дегенмен де Қазақстанның ішкі мәселесі. Өз ұлттық тарихымызды саясатқа бағынбай, ұлттық мүдде тұрғысынан, өз қолымызда бар деректерге сүйеніп жазуымыз керек. Ғылым мен саясат – екі нәрсе. Ғалымдардың совет дәуірінен қалған жаман әдеті бар, ол – жалтақтық. Олар "Ақорда не дейді?" деп оған алаңдайды да отырады. Кез келген өркениетті елде биліктің ғылымға араласатын ешқандай құқығы жоқ.

Айдар

[ЖАЛПЫ АРХИВ](#)

[ҚАЗАҚСТАН](#)

[БАС ТАҚЫРЫПТАР](#)

[Ашаршылық](#)